

# Жедел медициналық жәрдем қызметінің ұйымдастырылуы.

*Қабылдаған: Тургунова К. А*

*Орындаған: Алиманов Б*

*ТҚ-604*



ЛИПЕЦК - НЕОТЛОЖКА  
тел.: 711-003

ЛИПЕЦК - НЕОТЛОЖКА

ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ ПОМОЩЬ



М093 АМ 48

# Жоспары

- Жедел медициналық жәрдем қызметінің ұйымдастырылуы;
- Жедел медициналық жәрдем бекеттері міндеті;
- ЖМЖ бекеттерінің ұйымдастырылуының негізгі талаптары;

- Біздің елімізде жедел медициналық жәрдем құрамы мен ұйымдастырылуы денсаулық сақтаудың жалпы даму деңгейімен анықталады. ЖМЖ қызметі бүгінгі қоғамның дамуына әлеуметті маңызыды медициналық көмектің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына бұл көмек Мемлекеттік бағдарлама бойынша тегін жүргізіледі.
- Республика тұрғындарына жалпы медициналық қызмет ету жүйелерінің ішінде жедел медициналық жәрдем қызметінің орны ерекше.

# Жедел медициналық жәрдем бекеттері міндетіне мыналар кіреді:

1. Ауруханаға дейінгі кезеңге науқастың немесе оны қоршаған адамдардың денсаулығына және өміріне қауіп төнген жағдайда , кенеттен болған жағдайлар, созылмалы аурулардың асқынулары, кездейсоқ келеңсіз жағдайлар, жарақаттар, уланулар, жүктіліктің және босанудан кезінгі асқынулар болған жағдайда ЖМЖ көрсету;
2. Науқастарды емдеу – профилактикалық мекемелерге тасымалдау;
3. Төтенше жағдайлар, табиғат, жол апаттарын жою жұмыстарына белсене араласу.



## *ЖМЖ бекеттерінің ұйымдастырылуының негізгі талаптары.*

ЖМЖ бекеті – ересектер мен балалар өміріне қауіп төнген және оқыс жағдайда, ауыр жіті ауруларда, оқиға орнында және жол жөнекей тәулік бойы, ақысыз жедел медициналық көмек көрсететін медициналық мекеме болып табылады.

# ЖМЖБ жұмысын ұйымдастырудың негізгі

## талаптары:

- - тәуліктің барлық уақытында ЖМЖ тұрғындардың толық қолы жетуі;
- Ауруханаға дейінгі әр – түрлі медициналық көмектің түрлерін шапшаң және дер кезінде көрсетілуі;
- Барлық санаттағы жарақаттанғандар мен науқастарға қажетті ЖМЖ көлемін көрсету үшін жоғары білікті медициналық мамандармен қамтамасыз етілуі;
- Нақтылы медициналық мекемелерге кідірусіз жатқызудың қамтамасыз етілуі.






- ЖМЖБ – тұрғындары 30 мыңнан асатын қалалар мен аудан орталықтарында ұйымдастырылады және емдеу – профилактикалық екеме болып табылады немесе қалалық жедел жәрдем ауруханасының құрамына оның құқықтық бөлімі ретінде кіреді.
- Тұрғындардың саны аз қалалар мен аудан орталықтарында жедел жәрдем бөлімдері қалалық, аудандық ауруханалардың құрамына ұйымдастырылады. ЖМЖ бекеттерін бас дәрігер, оның қосалқы бекеттерін меңгерушілер басқарады.

- Тұрғындары 70 мыңнан асқан қалалар мен аудан орталықтарында балаларға ЖМЖ көрсету үшін арнайы балалар бригадасы, 100 мыңнан асқан елді мекенде психиатриялық бригада құрылады. Қажеттілігіне байланысты жас босанған әйелдерді тасымалдау үшін медициналық қызметкері бар көлік бөлінеді. Мамандандырылған қарқынды терапия және реанимациялық көмек көрсететін бригадалар құрылады. Сонымен қатар бекет басына ЖМЖ қажет өз бетінше келген тұрғындарға көмек ұйымдастырылады.





- ЖМЖ бекеті 100 мың тұрғынға кем дегенде 2-3 нөмірлі телефон телефон, радио байланыстар арқылы бригадалармен және емдеу профилактикалық мекемелермен , ІІМ мекемелерімен, ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің бөлімдерімен хабарласу үшін байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілуі керек.

- Қарқынды ем бригадалары орта және жоғарғы буын медицина қызметкерлерінің және тұрғындардың шақыртуымен жіберіледі. Қарқынды ем бригадасын шақырған медицина қызметкерлері бригада келгенше барлық қажетті медициналық іс-шараларды жүргізу қажет.
- ЖМЖ бекетінің бригадаларымен жеткізілген жарақаттанғандар мен науқастар аурухананың қабылдау бөлімінде шұғыл қаралып , қажет болса , ауруханада бос орынның бар жоғына қарамастан жатқызылады.





- Аурухананың қабылдау бөлімінде ЖМЖ бригадасын 10 минут артық кідіртуге болмайды.
- Санитарлық көлік жұқпалы аурулар тасығаннан кейін міндетті түрде сол аурухананың күшімен залалсыздандырылу керек. ЖМЖ бекеттеріне, бөлімшелеріне әрбір 1000 қалалық, ауылдық тұрғындарға бюджеттен бөлінген қаржы аймағында зембіл мен 1 санитарлық көлік бөлінеді.

- Жылына 75 мыңнан астам ЖМЖ бекеттерінде бақылау жүргізу үшін арнайы қамсыздандырылмаған бір автокөлік беріледі. Жылына 500 мыңнан астам шақыртуға баратын ЖМЖ бекеттерінде осы мақсатта 2 автокөліктен бөлінеді. Әрі қарай жылына әр 250 мың шақыртуға бір автокөлік бөліну қарастырылады.